



№78 (9965)

3 қазан
сейсенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жаңалаған Жаршылы



Ел жаңалықтары



Пәтерге кезектесіз бе?

Индустрия және құрылыс министрлігі енді баспана кезегінде тұрған қазақстандықтар тізімінен сәйкес келмейтін үміткерлердің шығарылатынын жеткізді. Яғни бұл кезектің тезірек келуіне көмектеседі.

Тексеру нәтижесінде кезекте тұрғандардың біразының жеке баспанасы бар болып шыққан. Сондай-ақ басқалары құжаттарды тапсыру кезінде қателіктер жіберген.

Бүгінге дейін әкімдіктер 10 мың адамды кезектен шығарып үлгерген. Ал өзге қазақстандықтар баспаналарын күтуді жалғастыруда. Кейбір он жыл немесе одан да көп уақыт күтуі мүмкін.

— Бұл шешімге бірден келген жоқпыз. Соңғы уақытта осы мәселе теңірегінде бірқатар түсініспеушіліктер орын алып жатқаны белгілі. Нақтырақ айтсам, 233 мыңға жуық адам бұл талпаптарды орындамағаны үшін тізімнен шығарылуы мүмкін. Кезектен оларды алып тастаса, артта тұрғандардың кезегі алға жылжиды. Яғни баспанаға тезірек қол жеткізуге болады, — деді Индустрия және құрылыс министрлігінің басқару жөніндегі сарапшысы Самат Бекжігіт.

«ЖЖ» ақпарат

Құрмет

Қарттарым, аман-сау жүрші

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Жалпы қазыналы қариялардың қоғам мен мемлекет алдындағы еңбегін құрметтеп, мәселелері мен қажеттіліктеріне, өмір сапасын арттыруға назар аударып, өмір жолын өскелең ұрпаққа үлгі етуіміз керек. Өткен аптаның соңында аудан әкімі Асқарбек Есжанов қазыналы қарияларымыздың шаңырағына барып, мерейлі мерекемен құттықтап, құрмет көрсетті.

Қариялар елдің ортасында ақылымен дара болып, өнегелі өмірімен құрметке бөленіп келеді. Отбасының ынтымағын сақтап, елдің бірлігін бекем ету де қазыналы қарттарымыздың еңбегінде. Қазақтың әр отбасында арқа тұтар ата-әжелері бар. Олардың әрбір айтқан ақылы жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне мол үлес болатыны анық. Ата-әжесі бар үйдің балалары да өзгеден ерек, қариялардың ыстық алақанынан дәм татып, жауһар сөздерін саналарына сіңіріп өскесін олар теріс әдеттерден аулақ болады.

Олар салтымыздан таймай, нағыз қазақтың салтын сақтар бабалардың жолымен жүретін өр рухты қазақты тәрбиелеп өсіретіні белгілі. Біздің ауданда да зейнеткерлік демалысқа дейін халыққа қызмет етіп, қазіргі таңда сол елге еткен қызметінің құрметін көріп отырған қазыналы қарттарымыз бар-шылық.

«Бала өсіргің келсе, дана жүреткі қатты ұста, үйрет білім, ізетті», деп Жүсіп Баласағұн айтпақшы, аталардан



қалған аманат, ұрпаққа берілген ұлағатты гират сөздер – халықтың да асыл қазынасы. Әр ұлттың өзіндік ерекшелігі, салт-дәстүрі, тілі, ұлттық мәдениеті болатыны белгілі. Қазақ «қарты бар үй қазыналы» деп үлкенді құрметтеген. «Ауылыңда қартың болса, жазылып қойған хатпен тең» деп жасы кішілер оларға құрмет көрсеткен.

Бұл үрдіс бүгінге дейін ұмытылмай ардагерлерге құрмет көрсетіледі. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев пен аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов мереке қарсаңында қазыналы қарттарымыздың шаңырағына барып, ардагерлерді мерекемен құттықтап, құрмет көрсетті.

Өңір басшысы ардагерлеріміздің жүріп өткен жолы елдік пен ерлік жолы екенін айтты. Әділдікті, елдікті, ақиқатты

ту еткен әкелеріміз бен аналарымыздың жүріп өткен осынау өмір жолы жас ұрпақты ерқашан ерлікке, Отанды сүйуге бастайтынын жеткізді. Осы тұрғыда ардагерлеріміздің елдің кемел келуіне үшін еткен жасампаз еңбектері мәңгі жасайтынын да тілге тиек етті.

Айта кетейік, қазіргі таңда аудандық ардагерлер ұйымы 4 мыңға жуық зейнеткер ардагерімізді 79 ұйымға біріктіріп отыр. Олардың 2 247-сі ауылдық округтерде болса, 1 575-і аудан орталығында есепте тұр. Ардагерлер ұйымының жұмысына аудандық ардагерлер кеңесі басшылық жасайды. Бұл аудандық ардагерлер кеңесі 2009 жылдан бастап білікті басшы, ауданның құрметті азаматы Садық Әлиев басқарып келеді.

Үйдің бөреkesі мен мерекесі, есіріміздің ажарын кіргізіп тұратын алдыңғы

буын екені тағы да анық, бастаған әр қадамымызға дұрыс жол сілтеп, ата-бабамыздан қалған нақыл сөздермен сусындатып отырады. 1 қазан – саналы ұмырында Отан деп тынымсыз еңбегімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа сарқылмас қазына. Әр жас буын қарияларға ерек құрмет көрсетіп, ақыл-кеңес алса, еліміздің алар асуы да, бағындырар белесі де көп болмақ.

Жалпы қазыналы қарияларға қандай құрмет көрсете де артық етпейді, себебі олар – біздің бағдаршамымыз. Өскелең ұрпақ солардың өмір жолына қарап бой түзейді. Қазақтың қарты бар ел қазыналы деуді де сондықтан.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

36 жобаға 5,3 млрд теңге бөлінді

Сәрсенбінің сәтті күні аудан әкімі Асқарбек Есжанов 7 ауылдық округте болып, жергілікті халыққа ауданда атқарылған жұмыстарды баяндады. Ауылдағы ағайын алдағы мақсат-міндеттерден де хабардар болды. Кезегі келгенде түрлі мәселелер тұрғындар тарапынан көтерілді. Әлбетте оның шешіміне алдағы уақытта тиісті жұмыстар жасалатынына күмән жоқ. Себебі сапарымызда осыған дейінгі кездесулерде көтерілген біршама мәселенің түйіні тарқатылғанын бағамдадық. Сөзіміз дәйекті болуы үшін олардың әрқайсысына тоқталып кетуге де болады. Жаңадария мен Есет батырды жалғайтын жолдың сапасы жақсарды, Аламесекте апатты жағдайдағы емхана мәселесі шешімін тапты, Аққұмда ауыз су жүйесі жаңарды, Мөрәлі Шаменов ауылында ішкі көшелер тақтайдай тегіс, бұйыртыса, биыл ауылды көгілдір отынға қосу бойынша жұмыстар басталып кетті, Қаракеткенде елдің бақша салуына жағдай жасау үшін аяқ су мәселесін шешуге қолғабыс болатын жобалар жүзеге асуда. Еңбекте де өңселі жобалар жоқ емес, ал Таңдағы тындырымды тірлік айтпаса да қалың оқырманға аян.

Жол құрылысы қарқын алды

Халық алдындағы аудан әкімінің есепті кездесуі бейсенбі күні де жалғасын тапты. Таң атысымен Асқарбек Есжанов бастаған бірқатар азаматтар алдымен Аққұмға аялдады. Бұрынғыдай емес, бүгінде шалғай ауылда шаруа шираған. Ішкі көшелер сапасына мән беріліп, ауылға кіреберіс жол күрделі жөндеуден өтті. Оған қазынадан қыруар қаражат қаралды, бүгінде жарқын жобаның өл игілігін көріп отыр.

«Шалғай ауылда шаруа шираған» деген сөзді жайдан-жай айта салған жоқпыз, бүгінде Аққұмдағы ағайын кәсіп ашуға машықтанған. Бұл сөзімізге де дәлел жоқ емес. Мәселен, мыңнан астам халқы бар ауылда осыған дейін 84 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, бүгінде оның барлығы 100 пайыз жұмыс жасап тұр. Айтпақшы «шалғай ауылдың халқы тек мал шаруашылығын дамытып отыр» деген түсініктен ада болыңыз. Рас, Аққұр – бұрыннан мал шаруашылығымен аймаққа танылған ауылдың бірі. Алайда ауылда бүгінгі таңда шаштараз, ұстахана сынды басқа да кәсіп түрлері қанат жайған.

— Осыған дейін ауыз су мәселесі шешімін тауып, электр жарығымыз жаңарған. Ал соңғы 1-2 жылда ауылда жол сапасына да ерекше мән берілуде. Бүгінгі аудан әкімімен кездесуде ауылдағы ішкі 5 көшенің сапасына мән берілетінін естіп, қуанып қалдық. Бастысы, қолға алынған жобалардың халық болып игілігін көріп жатырмыз. Халық қалаулысы Әмір Шаймағамбетов те ауылдық клуб мәселесі мәслихат мінберінде көтерілгенін айтып жатыр, «көрінген таудың алыстығы жоқ» дейтін халықпыз, мәселе көтерілсе, алдағы уақытта оның да шешімі табылар. Мектебіміздің де күрделі жөндеуден өткеніне көп болған жоқ. Аудан орталығынан шалғайда болғанымен Аққұмда осындай тындырымды тірлік бар, — дейді ауыл ақсақалы Төлпейберген Қожахметов.

Кеше Жаңадарияға барғанда да осындай тындырымды істің куәсі болғанбыз. Кезекті сапарымызда тағы бір ауылда шаруа ширағанын бағамдадық.

Аяқ су мәселесі шешімін табады

Жаңадарияға осыған дейін де жолымыз түскен. Жергілікті тұрғындар есепті кездесуде аудан басшысына ауылдың әлеуетін көтеру мақсатында қолға алынған жобалар үшін алғысын айтты. Білім ошағында бас қосқан жаңадариялықтар әсіресе алдағы уақытта ауылда аяқ су мәселесінің шешімін табатынына риза.

Мұнан бөлек биыл жалпы құны 1 млн 715 мың теңгеге ауылға кіреберіс жөндеу бойынша арқаның құрылысы жүрді. Сондай-ақ 1 млн 489 мың теңгеге қоқыс полигоны қоршалған.

525 мың теңгеге шағын балалар ойын алаңы да салыныпты.

Ауылда егін шаруашылығымен айналысатын 9 шаруашылық бар. Биыл олар 295 гектарға Сыр салысын сепкен. Ауыл еңбеккерлерінің аяқ су мәселесіне қарамай ала жаздай табанды еңбек еткені көрініп тұр. Қазанның екінші онқұндігіне дейін шаруашылықтар күзгі науқанды темдамдауды жоспарлап отыр.

Шалғай ауылда кәсіпкерлік саласы да шираған. Әсіресе бізді ауылда жұмыс жасап тұрған кәсіпорындар қатарында есім болғаны қуантты. Ауыл әкімінің сөзіне сенсек, ауылда 52 кәсіпорын бар, бүгінде оның барлығы да нақты жұмыс жасап тұр. Келер жылы Жаңадарияға 3 мың басқа арналған құс фабрикасы жұмысын бастайды екен. Мұндай ірі өндіріс ошақтарының шалғай ауылдарда көптеп құрылғаны тиімді. Себебі бір жағынан елді мекеннің кіріс көздері кеңейсе, келесі кезекте ауылдағы ағайынға жұмыс та табылады.

Жалпы ауылда бас-аяғы 3 көше бар. Оның екеуіне асфальт төселген. Ал біреуіне асфальт төсеу үшін жобасы дайындалыпты. Жалпы құны 128 млн теңгеге құрайтын жарқын жоба қаржылай қолдау тапса, Жаңадария жол мәселесі келер жылы 100 пайыз шешімін табады деген сөз.

Бұл ауыл да аудандағы мәдениет үйі жоқ елді мекендердің бірі екенін жақсы білеміз. Қазіргі таңда оған қатысты жалпы құны 440 млн теңгеге құрайтын жоба қолға алынған жатыр. Бұйыртыса, алдағы уақытта ауыл халқы жаңа нысанның игілігін көретіні сөзсіз.

— Ауылдың ауызбіршілігі бекем, жаңа аудан әкімі жақсы бір сөз айтты, «материалдық құндылықтарды біз қалыңа келтіріп береміз, бастысы,



елдің бірлігі бұзылмау керек» деді. Расында ауылда кішігірім мәселелер жоқ емес, бірақ ретімен шешімін тауып та жатыр. Ауылдық клуб құрылысына қатысты жоба қолға алынған, бір көшенің сапасына мән беріледі, келер жылы ауылда ірі өндіріс ошағы қолға алынғалы отыр. Шүкір, шалғай ауылда шаруа шашқанға емес, осының барлығы ел бірлігінің арқасы деп білеміз, — дейді ауыл ақсақалы Ақарыстан Ахатайұлы.

Кәсіпкерлік саласында серпін бар

Келесі сапарымыз кеше ғана 125 жылдық мерейтойын атап өткен мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы ауылда жалғасты.

Елді мекенде 300-ден астам отбасы бар. 1800-ден астам халық мекен еткен қайраткер атындағы ауылда алдағы жылдары да ауқымды жобалар жүзеге асқалы тұр. Былтыр

да елді мекеннің өңсесін тіктейтін екілді жобалар бұл ауылда жүзеге асқан. Биылда Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығы аясында бірқатар жоба қолға алынды. Бүгінде оның барлығының жергілікті халық игілігін көріп отыр.

Ауыл халқының негізгі тіршілік көзі егін және мал шаруашылығы екені айтпаса да түсінікті. Сыр салысынан мол астық жиган жергілікті шаруашылықтар былтырдан бері бақша өнімдеріне басымдық берген. Мұнан бөлек бірнеше гектарды құрайтын ауылдағы алма бақ өнімдері бүгінде еліміз бойынша үлкен суранысқа ие.

Темірбек Жүргенов ауылында бүгінде 90-ға жуық кәсіпорын бар. Тір-келген кәсіпкерлік субъектісінің қазіргі таңда 99 пайызы жұмыс жасап тұр. Бұрын елді мекенде тек егін және мал шаруашылығында жергілікті тұрғындар кәсібін дөңгелентсе, бүгінде сала түрленген.

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығы, қайраткердің мерейтойы

бүгінде түркі тілдес мемлекеттер арасында кең көлемде атап өтілуде. Туған жерінде де мерейтой иесінің 125 жылдығына орай бірнеше жоба қолға алынған. Солардың бірі – Темірбек Жүргенов атындағы саябақ. Бұл жобаға қазынадан 60 млн 444,9 млн теңге қаралған.

Жазадай тұрғындар мұнда талдар мен жеміс ағаштарын отырғызды. Саябақ құрылысы да қарқынды өріс сапалы жүрген. Жергілікті тұрғындардың бұл жерді жасыл желекке айналдырудағы құлшынысын баба рухына тағзым, бір жағынан құрмет деп түйдік. Қайраткер атындағы ауылда мұнан өзге де жобалар жоқ емес. Бастысы, алдағы уақытта ел игілігін көрсетейік. Ауылда қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы жобаның бірі – Ұзындығы 1,1 шақырымды құрайтын ішкі көшеге биыл жай жөндеу жұмыстары жүрді. Оған қазынадан 15 млн 229 мың теңге қаралған.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

Сессия

Маңызды мәселелер талқыланды

Өткен аптада аудандық мәслихаттың кезекті сессия отырысы өтті. Оған аудандық мәслихат депутаттарымен қатар аудан әкімі Асқарбек Есжанов, ауылдық округ әкімдері, мекеме және бөлім басшылары және арнайы шақырылған сала басшылары қатысты. Жиынды мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов жүргізді.

Сессия отырысының күн тәртібінде аудан бойынша жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жұмыстарының жайы, әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту, «Жалағаш ауданында мүгедектері бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы» аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 17 қарашадағы № 10-2 шешіміне өзгеріс енгізу, «Жалағаш ауданы әкімдігінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 шілдедегі №25-2 шешіміне өзгеріс енгізу

жайы қаралып, жауапты мамандар баяндама жасады, депутаттар тарапынан талқыланды. Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша алдымен аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов баяндама жасады. Оның айтуынша, биыл аудандық, облыстық бюджеттен қосымша қаржы қаралып, орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесіне жаңадан 5 тонналық «Урал» өрт сөндіру автокөлігі, 10 мотоцикл бір трактор тіркемесімен, 26 рация алынып, қызметкерлерге арнайы нысандық жаздық, қыстық киімдер берілген. Сонымен қатар мекеме қызметкерлерінің жалақысы 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап 100 пайызға көтерілген. 2022-2023 жылдары мемлекеттік орман қоры жерлерінде қарақұйрық және ақбөкен

жануарларын заңсыз ату дерегі тіркелмеген. Аудан бойынша барлығы 25 көл болса, бір көл резервте. Сонымен қатар көктем айларында «Уылдырық – 2023» акциясы жүргізілген. Мемлекеттік орман қоры жерлерін күзету бойынша 22 орман күтушіге арқайсысына 40 мың гектар жерден бекітілген. Көктемде уақытша тұқым-бақпақ 20 мың дана Сыр талы, терек қаламшалары, қарағаш тұқымдары сөбілген. Сондай-ақ орман қоры жерлерін өрттен бақылау үшін екі өрт бақылау мұнарасы Сырдария мен Жаңадария өзендерінің бойына орнатылған. Бұл бағытта халықты ақпараттандыру бойынша да бірқатар жұмыстар атқарылған. Мәселен жергілікті тұрғындарға орман және дала өрттері туралы 200 үгіт-насихат парақшасы және жергілікті ақпарат құралдарына



мақалалар мен хабарламалар жарияланған.

Баяндамашыға депутаттар тарапынан мемлекеттік орман қоры жерлерінде тас жол салу, құбыр тарту, электр қуатын беру, байланыс желілері, арна, бөеттер салу және су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану және орналастыру жұмыстарының арнайы заңдылықтары, елді мекендер маңайында жығыл шабуға орындар белгілеу, оған рұқсат қағаздарын беру жұмыстарының жайы, тоқпен балық аулау жағдайларының тіркелген-тіркелмегені туралы сұрақтар қойылды. Сондай-ақ депутат Гүлшат Құрманбаева кентінің шығыс жағындағы Қызылорда қаласы бағытындағы теміржол бойы өткеліне дейін жасыл белдеу жүргізу жұмыстарының қандай себептерімен тоқтап тұрғаны және осы белдеуді кеңейту бағытында қандай шаралар атқарылып жатқанын сұрады.

Мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов жануарлар санағының жүргізілуі барысын, қасқыр сияқты жабайы аңдарды аулауға қаралған қаржы мәселесіне зер салып, осы жылдың 8 айында ағаш кесу, заңсыз сексеуіл сындыру бойынша екі жағдай ғана анықталғанын атап өтіп, осы бағытта жұмыстарды күшейтуді ұсынды.

Аталған сұрақтарға аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов және аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме директорының орынбасары Ф.Жәнібеков жауап берді.

Депутат Қуат Ахетов Сыр өңірінде Қызыл кітапқа енген құстар мен жануарлар туралы аудандық газетке жыл бойы мақалалар шығарылып отырғанын, алайда орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі тарапынан осы бағытта ұсыныс-пікір болмағанын баса айтты.

Сондай-ақ депутат Д.Құдабаев мия тамырын жинау кезінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаға зиян келтірмейтін жайларды өскеріп, дерлік шөп мияның есетін жерлеріне ресурстық зерттеу жүргізіп отырды, орман және дала өрттерінің алдын алу бағытында өрт қауіпсіздігін сақтау шараларын күшейтуді ұсынды.

Мұнан кейін екінші және үшінші мәселе бойынша аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаевтың баяндамасы тыңдалып, шешім жобалары талқыланып, бірауыздан бекітілді.

Төртінші мәселе «Жалағаш ауданы әкімдігінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 шілдедегі №25-2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы аудан әкімі аппаратының басшысы Ержан Қайнарбаев хабарлама жасап, депутаттар тарапынан жан-жақты сараланды. Нәтижесінде комиссия құрамына өзгерістер енгізуге келісім берілді.

Сессия отырысында сөз алған аудан әкімі Асқарбек Есжанов жиналыста қаралған мәселелердің өзекті екенін айтты. Сондай-ақ депутаттардың мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаулар мен мемлекеттік бағдарламалар туралы халыққа кеңінен түсіндіру керектігін жеткізді.

Мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов сессия отырысын қорытындылап, жалпы қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға бәріміздің жауапты екенімізді айтып, алдағы уақытта орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесіне осы бағыттағы жұмыстарды жандандырып, нәтижелі жұмыстар атқаруды ұсынды.

Жандос ЖАЗКЕН



36 жобаға 5,3 млрд теңге бөлінді

Ауылда қай саланы алып қарасақ та өрлеу бар, есу бар, даму динамикасы жақсы. Әсіресе жергілікті шаруашылықтар мол астықтан тау тұрғызып, жыл сайын рекордтық өнімге қол жеткізуде. Олар бүгінде егінді әртараптандыруға басымдық береді. Аяқ су мәселесі қат болып тұрған шақта бұл бастама ақылға қонымды. Жергілікті халық көшегі кездесуде ешқандай мәселе көтерген жоқ. Себебі ойда жүрген мәселелердің шешіміне қатысты жобалар жергілікті билік тарапынан қолға алынған. Ауыл ақсақалдары аудан әкіміне батасын беріп, елді мекендердің еңсесін тіктеуге арналған жобаларына сәттілік тіледі.

Мұнан кейін аудан әкімінің халықпен кездесуі Мәдениет пен Мырзабай ахун ауылдық округтерінде жалғасты. Мәдениетте жол сапасы жақсы, кәсіпкерлік дамыған елді мекендегі әлеуметтік нысандардың барлығы жаңа. Сондықтан жергілікті халық ешқандай мәселе айта алмады. Ал Мырзабай ахун ауылында ішкі көшелер сапасына қатысты бірқатар мәселе көтерілді. Алайда елдің талап-тілегі орынды екенін жеткізген Асқарбек Есжанов ауылда жол сапасын жақсарту мақсатында бірқатар жобалар қолға алынып жатқанын жеткізді. Енді қаржылай қолдау тауып жатса, тұтас ауыл халқы оның игілігін көреді деген сөз.

Ауылға көгілдір отын кіреді

Ауданда атқарылған жұмыстардан тұрғындарды құлағдар етіп, халықтың ұсыныстарын тындау мақсатында елді мекендерді аралаған аудан әкімі Асқарбек Есжановтың екі күнге жалғасқан кездесуі Ақсу ауылында жалғасын тапты. Кездесу барысында алдымен өңір басшысы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып, аймақтың жағымды жаңалықтарын жеткізіп, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстармен бөлісті.

Бүгінде ауылдың жағдайы жыл сайын жақсаруда, соның нәтижесінде бірқатар мәселелер шешімін тапқан. Ақсулықтардың аудан басшысымен өткен кездесулерде көтерген өзекті мәселелерінің бірі кіреберіс жолға асфальт төсеу жұмыстарын жүргізу болатын. Асқарбек Темірбеқұлы бұл мәселе бойынша да тиісті шаралар қабылданып, ауылға кіреберіс аудандық маңыздағы автомобиль жолын орташа жөндеу бойынша облыстық бюджеттен 76,7 млн теңге бөлінгенін айтып, жыл соңына дейін ел игілігіне пайдалануға беруге уәде берген болатын. Көшегі кездесуде

ол берген уәдесінде тұрып, кіреберіс жолға толық жөндеу жұмысы жүргізілгенін жеткізді.

Бұдан бөлек ауылға газ тарту – халықтың көптен бері көкейінде жүрген күрделі мәселелердің бірі. Осы тұста аудан басшысы Асқарбек Темірбеқұлы ақсулық ағайынға көгілдір отынның игілігін көретін күн алыс емес екенін айтты. Нақтырақ айтсақ, Ақсу елді мекеніне газ тарату желілерінің және жеткізуші газ құбырының құрылысына облыстық бюджеттен 20 млн теңге бөлінген. Мердігер мекеме «АЭС and Limited» ЖШС құрылыс жұмыстарын жуырда бастайды. Аудан басшысы бұл жұмысты жіті бақылауында ұстап, жиі тексеріп тұратынын жеткізіп, ауыл тұрғындарын да бақылау жұмыстарын жүргізіп тұруға шақырды.

Сондай-ақ Ақсу елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының өзекті жерлері құрылысына да республикалық бюджеттен 184,7 млн теңге қаралған. Қазіргі таңда мердігер мекеме «Наз» ЖШС құрылыс монтаждау жұмыстарын жүргізуде. Елді мекенде санитарлық тазалық пен абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылып, күл-қоқыс полигонын қоршау жұмыстары жүргізілуде.

– Өздеріңіз білетіндей, ауылдағы ең өзекті мәселелер ретімен шешімін тауып, халықтың игілігіне пайдалануға беріліп жатыр. Биыл ауылға кіреберіс жол мен электр желілері, газ орнату жұмыстары жүргізілсе, келесі жылы ауылшілік көшелер күрделі жөндеуден өтіп, жарықтандыру жұмыстары жүргізілетін болады, – деді Асқарбек Есжанов.

Кездесу соңында бірлігі бекем, тірлігі көркем ақсулық ағайындар аудан басшысының жұмысына оң баға беріп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше көңіл бөліп, жұмыстарының алғысын айтып, ел игілігі үшін жасап жатқан жұмыстарына сәттілік тілеп, ақсақалдар батасын берді.

Кентте кешенді жобалар жетерлік

«Әкім – кабинетте жұмсақ креслода отырмай, елдің ішінде жүрсе, тірлік өнімді болмақ. Өз басым кабинетте отырғаннан ауданда атқарылып жатқан жұмыстардың басы-қасында болуды, халықпен етене араласып, мұң-мұқтажын бетпе-бет тұрып тыңдағанды жөн көремін» дегенді жиі айтатын аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауданға қарасты 14 ауылды аралап, халық алдындағы есел беру сапарын аудан орталығында қорытындылады.



Иә, өңірге Асқарбек Темірбеқұлы басшылық еткені ауданның, әсіресе ауылдық елді мекендердің дамуы едәуір ілгеріледі, аудан тарихында бұрын болмаған қомақты қаржы тартылды. Әлеуметтік-экономикалық даму, аудан халқының әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру секілді мәселелер күн тәртібінен түспеді. Кент, ауылдар көлбетінің көркеюі, оның ішінде құрылыстың қарқын алуы өңір дамуына серпін берді. Соңғы жылдары аудан бойынша бірнеше нысан пайдалануға берілсе, бүгінде сол нысандар ел игілігі үшін қызмет етуде. Өрне бұл жұмыстардың барлығы өңір көлбетін арттырып, жалағаштықтардың жайлы өмір сүруіне ықпал етуде. Өйткені аудан орталығы көлбетінің көркеюі кент тұрғындарының көз алдында.

Жыл басынан бері бүгінгі күнге дейін Жалағаш кенті тұрғындарының бірқатар мәселелері шешімін тапқан. Оның дәлелі есепті кездесуде сүйіншілене айтылған жаңа жобалар мен атқарылған қыруар істер қатары біршама болды.

Нақтырақ айтсақ, 2023 жылы Жалағаш кентіндегі бірқатар көшелер күрделі жөндеуден өтті. Жалпы жоба құны 505,1 млн теңгеге М.Шәменов

көшесін жөндеу жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ Т.Қыстаубаев көшесін асфальттау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге дейін облыстық бюджеттен 749,7 млн теңге бөлініп, кенттегі 10 көшеге, яғни З.Иванов, Т.Әбжалиев, Жеңістің 50 жылдығы, А.Қазыбеков, Қ.Нүрпейісов, Желтоқсан, Мысық би, А.Бектібаев, І.Нүркенов, И.Панфилов көшелеріне толық асфальт төселді. Қазір жол белгілерін орнату жұмыстары жалғасуда.

Сонымен қатар ПМК-09 көшесіне тас төселіп, кенттің ішкі көшелеріне 2 бағдаршам орнату үшін мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Жалпы құны 328,7 млн теңгені құрайтын теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірін салу жобасы да жыл соңына дейін аяқталатын болады. Қазіргі таңда бетондау және металл бұйымдарын сырлау жұмыстары жүргізілуде.

Биыл газдандыру бойынша 15,2 млн теңгеге «Наркескен» спорт клубы және 11,7 млн теңгеге аудандық орталықтандырылған кітапхана ғимаратының жылу қазандықтары қайта жаңартылып, газға ауыстырылған.

Кенттегі «Ақтерек» учаскесіндегі инженерлік инфрақұрылымының сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы және

су тарату көшенің құрылысы аяқталып, нысан пайдалануға берілген. Қазіргі таңда газбен жабдықтау жүйесі бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Аудан орталығында тұрғын үй құрылысы да қарқын алды. 2023 жылы халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына тұрғын үй қорынан 50 тұрғын үй сатып алынатын болады. Бүгінде жиырмасының құрылысы толық аяқталған.

Сырдария өзені арқылы өтетін «Қызылорда-Жалағаш» автомобиль жолының 78,2 шақырымындағы көпірін орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда жаяу жүргіншілер жолына асфальт төселіп, жарық шамдар орнату жұмыстары жасалуда. Жалағаш кенті көшелеріне жолақтар сызуға, жасанды жол кедергілерін орнату жұмыстары тұрақты түрде атқарылууда.

Жаз мезгілінде негізгі мәселеге айналған кент ішін аяқ сумен қамтамасыз етуге 3 дана АНС-130 насос алынып, орнатылған.

Мұнан бөлек Жалағаш кентінде бейнебақылау камераларын орнату және күтіп ұстау шығындарына 10 млн теңге, жол белгілерін орнатуға 3

млн теңге, елді мекеннің ішкі тазалық жұмыстарына 20 млн теңге, жарықтандыру жұмыстары бойынша күтіп ұстауға 9 млн теңге бөлініп, жұмыстар толықтай жүргізілген.

Бүгінде кент көлбетіне жарландыра түсетін абаттандыру жұмыстары да тұрақты түрде жүрде. Көше көрін келтірген көше атаулары жазылған тақтайшалар орнатылып, орталық алаңға жаңа төсеніштер алынууда. Мәселен, шойынжолдың өтегін жағалай орналасқан «Жалағашым – жасыл бағым» жазуы, кескінді аялдамалар мен бағдаршамдар бүгінде туған жердің сәнін келтіріп тұр.

Осы уақытта ауданда жүзеге асырылатын 36 жобаға 5,3 млрд теңге қаражат бөлінген. Яғни алдағы уақытта өңірімізде құрылыс жұмыстарының бәсеңдемейтін аңғаруға болады. Өрне кезге көрінген жұмысты, еткен еңбекті кент тұрғындарының жоғары бағалауы заңдылық, осылайша жиналған қауым аудан әкімінің жұмысына қанағаттанынын жеткізді.

Ақтоқты ЕРЖАНҚЫЗЫ
БАСЫ 1-BETTE

Таным

Кемелмен келелі кездесу



Ол кезде мен Алматы қаласында Жоғарғы партия мектебінде оқитынмын. Бір күні Арал қаласынан аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет жасайтын Әділ Әбдіханов деген азамат келді. Мен оны партия мектебінің жатақханасына орналастырдым. Ол Алматы Зоотехникалық-малдәрігерлік институтында сырттай оқитын. Бір күні ол: – Шығыс, Панфилов көшесінде Кемел Тоқаев деген құдамы тұрады, барып сәлем беріп шығайық, – деді. Аты бар, атағы бар жазушыны бұрыннан білетін болғандықтан бірден келісім бердім. Сонымен екеуіміз ағаның үйіне бардық. Бұл 1967 жылдың қараша айы, яғни осыдан 56 жыл бұрын болған оқиға еді.

Дастархан басында біз екеуіміз және Кемел ағамен жұбайы Тұрар апай болды. Ауыл жайлы әңгіме болды. Арал ауданының балық өнеркәсібі мен мал шаруашылығының жыл сайын қарқын алып келе жатқаны, түз өндірісінің одақта орны бар екені еске алынды.

Менің Алматы Жоғарғы партия мектебінде оқып жүрген кезім. Мен жұрда партия мектебінде партия жиналысы болғанын, оған Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Саттар Иманшевтың қатысқанын айттым, біздегі жаңалық осы дегендей. Сол кезде Кемел аға орнынан тұрып, кітаптар тұрған сөреден қалыңдығы оқушы дәптеріндей жасыл көк кітапшаны алып: – Мынау, Саттар Иманшевтың «Тарих ғылымының кандидаты диссертациясын қорғағандағы авоференті», – деді. Оның бірінші бетінің ашық жеріне «Моюмушечу другу Кемелу Тоқаеву» деп жазылғанын көрдік. Осыдан-ақ Кемел ағаның кеңістігінің қандай дәрежеде екендігін аңғарған едік.

1980 жылы ауданға Алматыдан бір топ ақын жазушылар келді. Олардың құрамында Сырбай Мәуленов, Садықбек Адамбеков, Қоғабай Саркеев, Ораззақын Асқар, Кемел Тоқаев, Сыдықбек Абдабергенов, Тұманбай Молдағалиев, Әлді Төжібаев болды. Бұл жолы менің арада 13 жыл өткенде Кемел ағамен кездесудің екінші рет сәтті түсіп, отбасымынан құрмет көрсетудің орайы келген еді.

Жазушылармен кездесу аудандық мәдениет үйінде болды. Оған кент орталығындағы кәсіпорындар мен мекемелердің жұмысшы қызметкерлері және мектептің жоғары класс оқушылары қатысты. Кездесуде Ұлы Отан соғысының ардагерлері Орынбай Сарманов, Телжан Есниязов сөйлеп, ақын-жазушыларға шығармашылық табыс тілейтінін білдірді.

1980 жылдың қараша айында Қызылорда облысында болған шығармашылық іс-сапары жөнінде Кемел аға өзінің «Сыр бойы» атты жазбасында былай деп жазғанды:

Партибороның мәжілісі сәрсенбі күнге тағайындалған еді. Мәжілісте қаралатын мәселелерді пысықтап алмақ болып, Қасым совхоздың директоры Алыбаевтың кабинетіне кірген-ді. Онда Әлайдар Төрениязов отыр екен. Әлайдар – тік көз, салпы мұрын жас жігіт, осы совхоздың бас агрономы. Ташкенттегі ауыл шаруашылық институтын бітірген. Сірә бұлар егін жайын сөз етіп отырған көрінеді. Алыбаев қасынан Қасымға орын ұсынып:

– Отыр, Қасым, – деп, агрономмен сөз тәмам болды дегендей, Қасымның қолындағы бір жапырақ қағазға үңілді.

– Күн тәртібін бұлай нақты алғаның дұрыс болған. Қалай ойлайсың, дегенмен біздің біреуіміз сөйлегеніміз дұрыс болар...

– Өзіндік жазып қояйың, – деді Қасым.

– Бұл жұрттың директордың байбаламына құлағы үйір болған шығар. Әйткенмен үндемей қалмаспын. Бірақ хатшының сөйлегені ұтымды бола ма деймін. Қосымша баяндаманы өзін жасасаң қайтеді, – деп Алыбаев ақыл салды.

Әрине шаруашылықтың жайын білмей тұрып, құр ақпармен сөйлеу әрдайым сәтті бола бермейді. Ферма меңгерушілерінің өздері теріп берген фактімен олардың өздерін сынасаң, әдеп сақтап, үндемей отырғанымен, іштей күліп отырады. «Сіз біздің байқамаған кемшіліктерімізді әділ көрсетіп бердіңіз. Біз одан тиісті қорытынды шығарамыз» деп дым

сезбегендей, қайта қостап қояды. Мұндай сынның әріне пайдасы аз әрі партбюроның беделін түсіреді. Міне, сондықтан Қасым жайлауға шыққалы жатқан отарларды тағы бір рет аралап шығып, ондағы адамдармен жүзбе-жүз сөйлесуді мақұл көрген.

Сыр бойының елі малын жазда Сарысу мен Қызылға шығарады. Жазғы жайлауы сол Жайлауға шығар алдында есепшілер мен мамандар малды түгендеп, арық-тұрағын анықтап, буаз малдың санын алып, әбегерге түседі. Мамандармен бірге отарды аралап келе жатқан Қасым Сейдахметов жолда Отарбай ақсақалдың қосын көріп, солай қарай беттеді. Осында осы совхоздың бухгалтері Абзалбек Ысмайылов бар. Жайлауға жапа-тармағай көшіп бара жатқан ауыл Сырдың суы мол шалғынды жеріне ығы-жығы қонған екен. Алдына өрісті көңірке тастап, ашық та оңаша отырған үйлер де бар. Отарбай қосын осылай оқшау тігіпті. Әйткенмен ауылдың қотаны ызышу; жамыраған қозы, жайдақ атқа мініп алып, қиқулап шапқан балалар – осының бәрі қосылып, кең даланы басына көтереді. Күн батып барады. Қызыл арай өз сәулесін асыл далаға төгіп, ауыл өңірін құлпытұрт тұр. Осы кезде екі жолаушы даланың көшік көрінісін тамашалай отырып, ауылға жақындап та қалды.

Төбенің басында шапанын желбегей жамылып, жалаңаш кеудесін жаздың көшік самалына тосып тұрған Отарбай қарт екі жолаушының келе жатқанын көріп, қарсы жүрді. Жақындағанда таныды.

– Ат үстінен алпамсадай көрінген алыстан келген біреу кім десем, өзіміздің балалар екеніңдерің ғой, бұрын қалай байқамағаның, – деп Отырақ Қасымға әзілдеп жатты. Сөйтсе де өзінің сыйламақ болған ықыласын білдіріп, Қасымның шау-жайынан ұстап, үй-іштің амандығын сұрап, аттан түсіріп алды. Босаға жақта қалың шалғын үстіне үлкен қара ала киіз төселген екен. Отырақ соның үстінен көрпе жайдырып, жастық әкелді. Өзі киіздің шетіне малдасын құрып отырып, өлгі сөзді жас жігіт көңіліне ауыр алып қалды деп ойлады ма:

– Ей, шырақ, – деп, екі иығын көтере кең тыныс алды, жас ұлғайған сайын алдың азайып, артын көбейме береді екен. Жастардың алдында жасқаншақ бола бастайсың. Қатар құрбың сирейді. Міне, сексеннің төртеуіне келіпсің. Осы ауылда менімен тұтас адам сіре жоқ болар. Ендігі қалған ескінің сарқыты мен сияқтымын. Кейде жалғыз отырып елгеіздей екенсің. Тілдеуге адам іздейсің. Сіңірі шыққан кү кемпірді қашанғы қажай берейін. Іш пысықанда шалдың осылай жасқа да тілі тиіп кететіні бар.

– Отырақ-ау, о не дегеніңіз. Жасыңызды өзіңіз санап жүрмесеніз, сіз бізге әлі жас, қатарлас адамның бірі секілді көрінесіз. Сірә еңбектің адам жасын салғастырмай, тең сөйлестіретін қасиеті бар-ау деймін, – деп Қасым ақсақалды әңгімеге икемдей бастады. Оның Отырақтың отарына әдейілеп бұрылғанында бір мәнісі бар еді.

... Бұдан бір жыл бұрын екі колхоз қосылып, жаңадан осы «Аманкелді» совхозы құрылған кезде совхоз басшылығына директоры Алыбаевтан бастап, бас зоотехникі, экономисі, бас агрономы, еңақыры бухгалтеріне дейін өңшен жас жігіттер іріктеле қалған еді. Қызмет лауазымына қарамай, жасы кішінің үлкеннің алдынан кесе өтпей сыйлап тұруы, үлкеннің сөзін жықпай, бар ықыласымен орындауы әбден қасиетті дәстүрге айналған бұл елде

кілең жастардың топтала қалғаны алғаш оғаштау көрінген. Жұртқа ақыл беретін, ұйытқы болатын партия ұйымының хатшысы да жас жігіт болып шықты. «Хатшы етіп кімді сайладыңдар, бөрінен бұрын соны айтшы. Біздің сөйлесетін кісіміз сол ғой» деп ынтыға сұраған қарттар жағы: – Қасым Сейдахметовты сайлапты, иә, Төренөзек жақтан келген анау қара жігіт, – деп естігенде, әжептәуір дағдарысып қалды. «Бұларда білім болғанымен, тәжірибе жетіспейді. Мына қыруар малдың өрісі, қонысы деген болады. Шаруаның жай-жапсарын білмегенге қиын-ау» деп күңкілдесіп жүрді. Шынында совхозда 40 мыңнан астам қой, 3600 сиыр, 1080 жылқы, 400-ге жуық түйе бар еді.

Алғашында кәдімгі қаладағы секілді аял сайын еңбегіне тиісті жалақы алып отырса, жұрттың өзі үйіріліп еңбекке ұмтылар деп ойлады басылар. Үй басына есептегенде тоғыз жүздей жұмысшы бар болып шықты. Бұл үлкен күш еді. Қаладан қосымша жұмысшы күшін тілемей-ақ, осындағы бар жұмысты өз күштерімен атқаруға болады деп санаған. Бірақ төл алу, көктемгі егіс, шөп шабу, егін жинау науқандары қарбалас келгенде бірден қиындық туды. Бұл жұмысты күші жетіспегендіктен емес, еңбек өнімділігінің аздығынан еді. Белгіленген тапсырма мезгілінде орындалмады, адамдардың біреуі жұмысқа шықса, екіншісі шықпай қалады. Бытырап жатқан елді мекендердегі адамдардың басын құраудың өзі қиынға соқты. Әрқилы өкімшілік шаралардың ықпалы жанды бола қоймады. Сонда Алыбаев Қасымға жолығып, сөз бастады:

– Жалаң өкімшіліктен алысқа бармайтын көрінеміз. Бүйтсек, өзімізге сеніп тапсырылған шаруашылықты күйретіп алатын түріміз бар. Сыр бойындағы шөптің шабылу қарқыны баяу. Бидайбелде көк құрақ қатайып барады. Қазір ормасақ, қуаты болмайды. Оның үстіне билығы төлден тағы бір отар қосылғалы отыр. Демек қой саны едәуір көбейеді. Ал біздің шопандардың көбі қарт екен. Жастар жағы аз. Парторгсың ғой, жұрттың тілін тауып, осы істерге жұмылдырып көрсен. Жайлы жағдай жасау, ақысын адал төлеп тұру міндетін өзіме алайын.

Сонда Қасымның ең алғаш «жеке сөйлескен» адамының бірі осы Отырақ ақсақал еді. Кізі үйдің көлеңкесінде тақыр басын орамалмен таңып алып, қаймақ қатқан күрең шайды жантая жатып сораптап ішіп отыр екен.

– Келгенің жақсы болған, балам, көңесіп пішкен тон келте болмайды деген, – деді Отырақ.

– Осы ауылдың қыз-келіншектеріне Сәрсенкүлдің сөзі өтеді. Иә, Әбдіхановтың сөзі өтеді. Міне, Әбдіхановтың төрағасы болған адам. Қызмет істеп қалған кісі жұмысты көксемейді дейсің бе, тапсырсаң неге істемесің? Тындырып істер. Ал оқу бітіргілі отырған балаларды қойға бар деуге ауыз бармайды. Жұрттың баласы талпынып Алматыға, Мәскеуге барып жатқанда, бұларға қалай қой бақ дерсің. Әйткенмен келіп қалған екенсің, бұйымтайың сол болса, жұртқа айту міндетін мойныма алайың, сөзімді жерге тастама.

Осыдан соң ұзамай партияның ашық жиналысы шақырылған. Бұған ұйымдағы коммунистермен бірге ауылдың үлкен-кішісі түгел қатысты. Отырақ күнге күйген қоныр қалпағын қолтығына қысып алып сөйлегені бар:

– Ау, халайық, хатшы бала дұрыс айтады, еңбек жас талғамайды. Үлкен-кіші болып жиналып қалған екенбіз, іштегіні бүкпей, ағынан жарылып

сөйлейік. Мен бүгін Сәрсенкүлдің ісіне жүде тәтті болып отырмын. 24 айелді бастап Бидайкөлде құрақ орып жатыр екен. Қадамы құтты болсын. Шаруаға жаны ашыған адам солай істейді. Ал бізде мал жылдан-жылға көбейіп келеді. Шөппен бірге қора-қопсы керек. Алдымызда қыс бар. Қатал сыншымыз сол Бізге Үсеннің баласы Әліше еңбек ететін жас талаптар керек. Бізде құдайға шүкір, адамдар жетеді. Биыл онының класты бітіргелі отырған жұмыр білек балалар бар. Он жыл оқыды ғой, совхоз болып жаңа құралып, қол-аяғымызды жинамай алмай өбігер болып жатқанда шаруаға көмек етсін. Ұлы Мәжитке де соны айтамын. Шырақтарым, оқу сол құмның ортасында бір-бірінен алшақ жатқан, аумағы 15-20 гектар, кейде 70-80 гектар жазық ұшырасады. Егінді осы жерлерге тырнақтап салады. Бидайдың бір бөлігі «Аманкелді» учаскесінде болса, қалғаны Қырықпайдақ пен Бидайкөлдің осындай жарамды жеріне ғана егілген. Жүгері мен күрішті де құм ортасындағы осындай ойдым-ойдым жерлерге салған. Белес-белес құмның ортасынан қаулап шығып келе жатқан егінді көргенде, қаншама еңбек жұмсалғанын айтпай-ақ ұғасыз. Егістік жерге су жеткізудің өзі тауқыметі көп жұмыс. Шалбарының балағын түріп тастап, көйлекшең, тоғанды кесіп, шлюз жасап жатқан еңгезердей шомбал қара жігіт маңдайынан сораптап аққан терін алақанымен сыпырып тастап:

– Жол болсын, – деп қасына келген Қасымдардың қолын алды.

Биыл жазда жалғыз өзі екі шлюзді қатарынан салған Ишат Кенбаев деген жігіттің осы. Өзі коммунист. Жұмыстың барысын сұраған Қасымға:

– Кісінің кемістігін сөзбен түзеуге болатын шығар, ал мына шлюздің кемістігін сөзбен емес, іспен түземесен болмайды, – деп ақсия күледі.

Замандас болған соң ба, Қасымды сөзбен қағытып жатыр:

– Мін айтсақ, істегі оқпылықты түзеу емес пе? Әркім өз мұңын шағар дегендей, бізде кейде құрылыс материалдары болмай, қарап қаламыз. Өздерің қысып қойшы бөлменің. Біз айтсақ, жүре тындайды, сенің сөзің әсер етер.

Қасым бұдан соң егін басын аралап, жолда «Аманкелді» учаскесіне де соқты. Көп адамдармен әңгімелесті. Олардың сын-ескертпелері мен тірліктерін жазып отырды. Совхоз орталығына күн бата оралды. Күндізгі қапырық ыстықтың табы кетпеген. Ауыл үсті шаңдап тұр. Әйткенмен селонның көрінісі бөлес: былтыр салынған жана үйлер селонның сәнін келтірде. Бір топ адам жаңадан салынып жатқан үйлердің маңында жүр. Қасымға қарсы жолыққан Алыбаев:

– Қалай, аралап қайтың ба? Мені Мәскеуге барасың деп облыс шақыртып жатыр. Өзің дайын болсаң, мәжілісті өткізіп жіберелік. Ферма бастықтың да келіп болды. Жұрттың пікірін тындап кеткенім жөн болар, – деді.

– Жақсы, – деді Қасым.

– Мен үйге кіріп, жуынып-шайынып шығайын. Адамдар жинала берсін. Мен қазір келемін.

Қасым үйіне келіп асыға киініп жатқанда күйеуін екі-үш күн көрмеген жас келіншек Тәжіғұл:

– Бір-екі шыны шай ішсең қайтеді, оларын бүгін бітпес, – деп күңкілдеп қалды.

– Кейінірек ішерміз.

Қасым аяғына оралған сары қызын құшақтап бір сүйді де, тысқа асыға шықты.

Ел қалың ұйқыға кеткенде де кеңсенің шамы жапың тұрды. Іштен қол сермеген, кейде ұшып тұрып, қайта отырған адамдардың көлеңкесі көрінді.

Мәжіліс жүріп жатты. V том 155-159 бет.

Шығыс Айбосынов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ауданның құрметті азаматы

Тазалыққа тұрғындар да атсалысты

Кешегі аптада да аудан бойынша жаппай сенбілік шаралары ұйымдастырылды. Сенбілік барысында кент көшесіндегі жол белгілері ауыстырылды. Сондай-ақ электр бағаналары сырланып, талдар әктелді. Парктер мен алейлар тазаланып, біркелкі түске боялды.



Сенбілікте жабайы шөптер шабылып, аяқ су жүретін арықтар тазартылып, 23 тоннаға жуық құл-қоқыс белгіленген орындарға шығарылды. Жиналған қоқыстарды шығаруға аудан орталығы бойынша «Пром Коммерц КА» ЖШС-ның техникалары, ауылдық округтер бойынша шаруа қожалықтардың техникалары тартылды.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов сенбілік жұмыстарын аралап, тазалық жұмыстарымен танысты. Белгілен аймақтар бойынша жауапты сала басшыларына сенбілікке түгел қатысып, белгіленген уақытқа дейін ұқыпты жұмыс жасауды тапсырды.

Айта кетейік, сенбілік жұмыстарына 153 мекемеден 2000-ға жуық аудан тұрғыны қатысып, 31 техника жұмылдырылды.

«ЖЖ» ақпарат

Сақтансаң, сақтайды



Қауіпсіздік қаперден шықпасын

Өрт – тілсіз жау. Жылу беру маусымында өрттің шығын салдарын баршамызға мәлім. Олардың шығу салдарын саралайтын болсақ, 60 пайызға жуығы жылыту пешінің құрылысы кезіндегі өрескел қателіктер мен пайдалану ережелерінің сақталмауынан болып жатыр. Ал қалған бөлігі тұрғын үйдегі электр жүйесінің ақаулары, газ ошағын пайдаланудағы қателіктер, ашық отты пайдалану, балалардың отпен ойнауы салдарынан орын алған өрттерге тиесілі.

Жеке тұрғын үйлерде өртті болдырмау мақсатында өрт қауіпсіздігін сақтау, өрттің тілсіз жау екені туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Десе де өрт оқиғалары жеке тұрғын үйлерде көптеп орын алууда. Себебі көп жағдайда тұрғындардың өрт қауіпсіздігін дұрыс сақтамауынан оған нәтижелілікпен қарау салдарынан орын алып жатады. Дұрыс салынбаған жылу пештері талай азаматты бүгінде сан соқтыруда. Негізгі ереже бойынша пештің түтін жолдары 3 айда бір рет ыстан тазартылуы қажет. Күннің салқындауына байланысты аудан тұрғындары пештер мен жылытқыш электр құралдарын қолдана бастады. Қатты суықта, желді ауа райында тұрғындар қосымша жылыту құралдарын қолданады. Өрттің алдын алу үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет.

Сонымен қатар үйде балаларыңызды қараусыз қалдырмауға тырысыңыздар және сіріңке, оттық, шапқақ сияқты заттарды балалардың қолы жетпейтін жерге қою, газ плитасы, үтік және т.б жылыту құралдарына жақындамау жөнінде күнделікті ескертіп отыруларыңыз керек. Жылу маусымының басында жылыту құралдарын тексеру және жөндеу қажет. Жылыту пештерінің жанында отынды, тез тұтанатын сұйықтықтар мен жанғыш материалдарды сақтауға болмайтынын ескеріңіз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Өміртай Шәденов

2023 жылы 30 қыркүйек күні ауданның мәдениет саласының ардагері Өміртай Шәденов өмірден озды.

Өміртай Шәденов 1947 жылы 9 сәуір күні Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген.

Ол 1954 жылы Қараөткент аудандық №114 орта мектебін алғаш табалдырығын аттап, 10 жылдық білім алады. Мектепті «жақсы» деген бағамен тәмамдап, білімін көлік мектебінде жалғастырады. 1967 жылы мамандығы бойынша аудандық мәдениет үйінде шофер-киномеханик болып жұмысқа орналасады.

1971-1973 жылдар аралығында Кеңес армиясы қатарына шақыртылып, абыроймен Отан алдындағы борышын өтеп қайтады. Ескерден келген соң аудандық мәдениет үйінде көлік жүргізушісі ретінде қызметін жалғастырып, зейнеткерлікке шыққанға дейін аталған мекемеде қарауыл болып еңбек етеді. Ол отбасында ардақты еке бола біліп, 6 бала тәрбиелеп өсірді.

Сала ардагері Өміртай Шәденовтың қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтаса отырып, көңіл айтамыз. Оның жарқын бейнесі мәңгі өсімізде сақталады. Жатқан жеріңіз жарық, жаныңыз жәннаттың төрінде шалқысын.

Аудандық мәдениет және спорт бөлімі, көсіподақ ұйымы, мәдениет саласының ардагерлері



Бәрекедлі!

«Алтын күзде» атой салды

Спорт – салауатты өмір салтын қалыптастырып, денсаулықты нығайтатын, ел мерейін асырып, абыройын тасытатын ең үлкен сала. Спортты жанына серік етіп, аудан намысын түрлі деңгейдегі жарыстарда қорғап, үлкен жетістіктерге жетіп жүрген спортшыларымыз да аз емес. «Алтын күз – 2023» ауыл спортшыларының спартакиадасында да жалағаштық спортшылар үздік нәтиже көрсетіп, аудан абыройын асқақтатты.

Ұлттық спорт түрлері мен бұқаралық спортты дамыту, ауылдық жерлерде салауатты өмір салтын қалыптастырып, спорттың маңызын арттыру мақсатында өткізілген «Алтын күз – 2023» спартакиадасына ауданнан 160-қа жуық спортшы қатысты. Спорттың 16 түрін қамтитын ауыл спортшыларының XXXVI «Алтын күз – 2023» спартакиадасында аймақтың барлық аудандарының құрама командасы тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Алдына жан салмай жеңіс тұғырына шығып, үздіктер қатарынан көрінуді көздеген жерлестеріміз бір тасын көтеруден I орын, қазақ күресінен I орын, президенттік көпсайыстан I орын, бес асықтан II орын, тоғызқұмалақ ойынынан қыздар арасында өткен сайыстан II орын, ұлдар арасында IV орынды иеленді. Қазақтың ұлттық ойындары көкпардан II орын, аударыс-

пақтан III орын, теңге ілуден III орынға тұрақтады. Сондай-ақ биылдан бастап спартакиадаға қосылып жатқан турникке тартылу сайысынан да спортшыларымыз алғашқы үштікке тұрақтады. Осы уақытқа дейін тек VII орыннан көрініп келген үстел тенниінің спортшылары бұл бәсекеде III орынды иеленді. Сонымен қатар қол добынан III орын, шахмат, асық ату, футбол ойындарынан V орын, баскетбол ойынынан ұлдар және қыздар арасында өткен тартысты сайыста VI орын, волейбол ойындарынан ұлдар VI орын алса, қыздар V орын алды. Қол күрестен VII орын иеленіп, жалпы командалық есеп бойынша Жалағаш ауданының спортшылары II орынды иеленді.

Иә, үздік нәтиженің артында жергілікті тарландарымыздың жыл бойғы еңбегі жатыр. Оған қоса аудандағы спорттық үйірмелер



жұмысы қазіргі таңда қарқынды дамуда. Сонымен қатар жергілікті әкімдік тарапынан спортты дамытуға қатысты жұмыстарды жүйелеуге, спорттық мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, спортшылардың облыстық, республикалық, ҚР чемпионаттарына жүйелі түрде қатысуына жағдай жасалуда. Аудан спортын бұдан әрі дамытып, барлық спорт түрінен үздік чемпиондар шығаруды мақсат еткен бапкерлер күндіз-түні тынбай, шәкірттерін шыңдады.

Айта кетейік, былтыр дәстүрлі «Алтын күз – 2022» облыстық спартакиадасында жүлделі III орынды иеленген. Бұл осы уақытқа дейін «Алтын күз» спартакиадасында төмен нәтиже көрсеткен жалағаштықтар үшін үлкен жеңіс болды.

– «Наркескен» спорт клубының жаттықтырушылары мен аудан спортшыларының тынымсыз еңбегі мен сенімі бүгін ақталды деп білемін.

Себебі біздің спортшылар қай жағынан алсақ та осы уақытқа дейін байрақты бәсекелерде өздерінің мықтылығын дәлелдеп келеді. Осы «Алтын күз» спорттық сайысына дайындық барысында спортшыларға барлық жағдай жасалды. Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың спортты қолдауының арқасында үлкен жеңіске қол жеткіздік. Сондай-ақ осы уақытқа дейін ауданда өткен спорттық шараларға демеушілік білдірген кент және ауылдық округтердегі спорт жанашырлары, яғни жеке кәсіпкерлерге ризашылығымыз білдіреміз, – деді «Наркескен» спорт клубының директоры Ғалымжан Ержанов.

Дүбірлі додаларда топ жарып, талай белестерді бағындырған ауданның сайыпқыран спортшыларының жеңісті жолы бұдан әрі жалғасып, аудан абыройын асқақтата беретініне сенім мол.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Байқау

Суретшілер сынға түсті

Өнер – халық тарихының шежіресі. Қазақта өнердің саналуан түрі бар. Ән өнері, би өнері, күй өнері, қолөнер және т.б. Жанға тыныштық сыйлап, қиял әлеміне сапар шегуге жетелейтін – сурет өнері. Аса шеберлік пен талантты қажет етіп, қылқаламмен ақ қағаз бетіне жансыз бейнені тілсіз сөйлеткендей әсем бейнелеуде қазаққа тән қасиет. Сурет өнері – өнер атаулының ішіндегі көркем де бейнелі руханият қазынасы. Қазіргі егемен елдің болашағы болар жас ұрпақты ұлттық дүниетаным негізінде тәрбиелеудің баға жетпес теңдесіз құралы.



Ұлттың тарихы, салт-дәстүрі, өткен тұрмыс-тіршілігін бейнелі әрі ұғымға жеңіл де көрнекті түсіндіретін тек сурет мұрағаты болып табылады. Бұл өнер түрі тек халықтық болмысты танытып қана қоймай, оқушының жеке тұлға ретінде талғамы мен танымының қалыптасуына мол септігін тигізеді.

«Суретші көргенін емес, сезінгенін бейнелейді» деген әйгілі суретші Пабло Пикассо. Ал ондай дарын – екінің біріне бұйыра бермейтін ерекше қасиет. Сурет өнері – ықылым заманнан бері өз құндылығын жоғалтпай келе жатқан ұлы өнер. Өздеріңіз білетіндей суретшілердің ұшар басында әйгілі кескіндемеші, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы Әбілхан Қастеев тұр. Одан кейін де бұл сала бойынша елімізде жетістікке жетіп жүрген жастарымыз көп. Аудан өрендері де бейнелеу өнерінен хабарсыз емес.

Аудандық жастар ресурстық орталығы мен «Темір-қазық» қоғамдық бірлестігі, «Руханият» орталығының ұйымдастыруымен «Қоғамдық санада сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне жол бермеуді қалыптастыру» қызметі аясында «Жемқорлықсыз өлем» тақырыбында 8-10 сынып оқушылары арасында аудандық суретшілер сайысы ұйымдастырылды. Аталған шараға кент және ауылдық округтердегі білім ошақтарынан 19 оқушы қатысты. Байқаудың басты мақсаты балалардың шығармашылық және көркемдік қиялдарын дамытуға мүмкіндік беру арқылы қабілетін қалыптастыру, қатысушылардың сурет салуға деген қызығушылығын арттыру арқылы сурет өнерінің кең ауқымда дамуына атсалысу және өнерлерін халыққа насихаттап, қоғамдық санада сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне жол бермеу болып табылады.

Талантты жастар арасында өткен сурет сайысының ашылу салтанатында аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық байқаудың маңыздылығына тоқталып, жастарға септілік тіледі. – Біз сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою мақсатында аудан орталығында ақпараттық-танымдық бағытта үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеміз. Бүгінгі өткізіліп отырған байқау сөзімізді растай түспек. Жыл соңына дейін бірнеше шара ұйымдастыру жоспарда бар. Бүгінгі шарамыздың мақсаты өскелең ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидатын қалыптастыру, жастарымыздың суреттері арқылы олардың ойын, көзқарастарын білу болып табылады, – деді жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Раисұлы.

Шығармашылыққа жаны құмар жастар барда сурет өнері өз өміршеңдігін жоймасы анық. Тек өнердің қадір-қасиетін бағалай білу қажет.

Сайыс қорытындысы бойынша қылқалам шеберлерін арнайы Руханият орталығының бөлімше басшысы Қуат Адис, орталықтың бөздендіру-суретшісі Оралбек Қанибай және аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық марапаттап, «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің дипломдары мен қаржылай сыйақысымен марапаттап, басқа да қатысушыларға алғыс хаттар мен ынталандыру сыйлықтарын табыстады. Әділқазылардың шешімімен I орынға Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің 8 сынып оқушысы Арнур Шакизиданың салған суреті лайық деп танылып, жас қылқалам шеберіне 35 мың теңге сыйақы табысталды. Ал Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Аян Рахат II орынға тұрақтап, 25 мың теңге иеленсе, Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Бақдәулет Оразбек үздік үштікті түйіндеді, сондай-ақ ол 20 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

Ұлт мәдениетін зерделеуде бейнелеу өнерінің ықпалы зор. Сурет өнері – қашанда ойды дамытып қана қоймай сұлулыққа үндейтін бірден-бір өнер түрі. Шыдамдылықты талап етіп, жан-тәнін, бар уақытын бір кескінге арнап, қағаз бетіне телміріп отыру тек суретшілерге тән қасиет. Сондықтан жастар арасында сиқырлы да сырлы өнердің алар орны ерекше.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Спортта шындалған Шыңғысхан

Қазақша күрес – әлемдегі ең тарихы терең спорт түрлерінің бірі. Қазақтың ешбір тойы мен мерейлі мерекесі онсыз өтпеген. Сонау ықылым замандардан бері қазақ білекті азаматтарына қара күштің киесі дарыған жан деп қана қарамай, ұлт қуаттылығын, ел құдіретін танытар өнер иесі деп қадір тұтқан.

Ұлттық спорттың төресі саналатын қазақ күресі – ең көне спорт түрі. Мұнда бабы мен бағы келіскен шынайы спортшы ғана жеңімпаз атанады. Бұл спорт түрінен жыл сайын айтулы жарыстар өткізіліп, жаңа есімдер жарыққа шығуда. Үлкен байрақты бәсекелерде белдесіп, бағын сынап жүргендердің бірі – Шыңғысхан Әбілхасенұлы.

Оның қазақ күресін жанына серік еткелі біршама уақыт болған. Бүгінде бірнеше сайыстарда топ жарып, үздіктер қатарынан көрініп келеді.

Спорттық шежіресін ең алғаш 2015 жылы ұстазы Өмірбек Келменовтен үйренген жас палуан қазіргі таңда аудандық олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде қазақ күресі мен дзюдо үйірмесінің жаттықтырушысы болып жұмыс жасайды.

– Қазақ күресімен қатар дзюдо күресінің қадамы да қарыштап дамып келе жатыр. Себебі дзюдо күресі барлық халық қызығатын спорт түріне айналды. Бұл күрестің қыр-сырын жетік меңгерген спортшыларымыз талай байрақты бәсекелерде ел намысын қорғап жүр. Ең бастысы, күреске деген адал ниет болу керек. Әйтпесе нәтиже болмайды. Сайып келгенде, шын жүйрікке шаршы алаңда тұсау жоқ. Үйірмеге 7 жасдан бастап балаларды қабылдап жатырмыз. Қазіргі таңда 12 бала бар. Оның 4-еуі – қыз, 8-і – ұл. Негізгі бапкерлік қызмет үнемі ізденісті, білімді жетілдіріп отырумен қатар шеберлікті шыңдауды талап етеді. Бүгінгі күнге дейін жиган-терген біліммен тоқтаймы, үнемі ізденіс жолында жүруге тырысамын. Себебі мен бапкермін. Шәкірттеріміз жағдайын



жасап, олардың бойындағы тұнып тұрған талантты ашу – менің міндетім, – дейді жас бапкер.

Мойынға таққан медальда қаншама ерік-жігер мен тегілген тер бар. Жеңіске апарар жол тынымсыз еңбек пен болаттай берік мақсаттан құралады. Қазақтың көк туы көкте желбірегенде ғана спортшылардың сарқылған күші қайта қалпына келеді. Күреске қадам басқанына 10 жылға жуықтаған Шыңғысханның бозкілемде белдесіп жеткен жетістігі көп. Ол – аудандық жарыстардың бірнеше мәрте жеңімпазы. 4 жылда бір өтетін Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт түрлерінен VI фестивалінде қазақ күресінен ерлер арасында 74 келі салмақта өткен жарыста II орын алған. Белбеу күресінен ерлер мен әйелдер арасында 23 жасқа дейінгі Қазақстан

Республикасының чемпионатында 75 келі салмақ дәрежесінде III орын алған. Ауыл спортшыларының XXXIV «Алтын күз – 2021», 2022 жылы облыстық спартакиаданың бағдарламасында қазақ күресінен 74 келі салмақта қарсылас шақ келтірмеді. Аслан Бағдатұлы еске алуға арналған қазақ күресінен аудандық турнирде 90 келі салмаққа дейін II орын иеленген. Ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы Мәрапі Шәменовты еске алуға арналған дзюдодан жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирде 73 келі салмақ дәрежесінде I орынды жеңіп алған. Сонымен қатар Түркістан қаласында өткен Қазақстан Республикасының XXI жазғы университеті ойындарынан III орынды иеленген.

Қазіргі таңда еліміздің басты құндылықтарының бірі ретінде қазақ күресін дамыту және өскелең ұрпақ арасында насихаттау бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бозкілемде белдесетін Шыңғысханның жасөспірімдерін жеңіске жеткізу жолындағы еңбегі тың, ынтыас зор. Әр елдің өз ұлттық ерекшеліктері болатыны секілді қазақ елінің де өз ерекше құндылықтары бар. Оның ішінде қазақ күресінің алар орны мен мәртебесі биік. Бабадан қалған асыл өнердің оты өшпей, ендігі жерде лаулап жануына Шыңғысхан секілді жас бапкерлердің қосар үлесі зор. Бүгінде дзюдодан спорт шеберіне үміткер болған Шыңғысхан – қазақ күресінен спорт шебері атағын иеленген білікті жас бапкер.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1560